

ЖҮРГІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

тақырыбы: «Қызылорда өңірінде бақша дақылдарын (қауын)
өсірудің интенсивті технологиясы»
«егіншілік» бағыты бойынша

Өткізу күні: «18 қараша» 2025 жыл

Кеңес беру өткізілген орын: Қызылорда облысы обл., Шиелі ауданы
Телікөл а/о, А.Тажимаев көшесі, 26А-үй, ШҚ «Көкжиде»

Эксперт: Көкөніс-бақша
және картоп дақылдарының
бөлім меңгерушісі,
ауылшаруашылығы
ғылымдарының
кандидаты, ҚР ҰААҒА мүшесі



Бегалиев Қ.Б.

Ы.Жақаев атындағы
Қазақ күріш шаруашылығы
ҒЗИ ЖШС
Басқарма Төрағасы




Тәуіпбаев С.Т.
(қолы, М.О.)

КЕҢЕС БЕРУ ЕСЕБІ
ҚЫЗЫЛОРДА ӨНІРІНДЕ БАҚША ДАҚЫЛДАРЫН ӨСІРУДІҢ
ИНТЕНСИВТІ ТЕХНОЛОГИЯСЫ
(Қауын – *cucumis melo l.*)

I. Кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері

Қызылорда облысы табиғи-климаттық жағдайында бақша дақылдарын өсірудің әлеуеті жоғары болғанымен, соңғы жылдары:

өндіріс көлемінің төмендеуі;
өнімділіктің толық ашылмауы;
заманауи агротехнологиялардың жеткіліксіз қолданылуы;
тұқым сапасының тұрақсыздығы;
су тапшылығы мен топырақ тұздануының артуы;
аурулар мен зиянкестердің көбейуі сияқты факторлар бақша шаруашылығының дамуын тежеп отыр.

Сол себепті аудан шаруашылықтарына интенсивті технологияларды енгізу, отандық сорттарды бейімдеу, су үнемдеу әдістерін қолдану, өсімдіктерді қорғау шараларын жетілдіру, өнімділік пен экономикалық тиімділікті арттыру бойынша ғылыми-тәжірибелік кеңес қажет.

II. Сарапшының мәселені шешу жөніндегі кеңейтілген ұсыныстары

2.1. Тұқым және сорт таңдау

Қызылорда жағдайына бейімделген отандық сорттарды кеңінен енгізу: Сырдария, Балшекер, Дәмелі, Алтайыр.

Тұқымды себуге дейін 98–100% өнгіштікке жеткізу үшін жылыту, плазмамен өңдеу және фунгицидтермен дәрілеу.

Сапасыз импорттық тұқымға тәуелділікті азайту.

2.2. Топырақ дайындау және өңдеу

Терең қопсыту (аудармай жырту) арқылы тұзданған жерлерді қалпына келтіру.

Органикалық және минералдық тыңайтқыштарды теңгерімді енгізу.

Тамшылатып суару немесе жаңбырлатып суаруды енгізу міндетті түрде ұсынылады.

2.3. Суару жүйесі

Қауынның биологиялық ерекшелігіне сай су тапшылығына төзімділігін ескере отырып:

вегетация кезінде 3–4 рет суару,

тамыр аймағын артық ылғалдан қорғау.

Суару алдында міндетті түрде егістікті тегістеу.

2.4. Егіс және күтіп-баптау

Себу тереңдігі: қауын – 3-6 см, асқабақ – 6-8 см.

Ерте пісетін сорттарды бірінші себу.

Қатар аралығын механикаландыру: культивация, арамшөп жою.

2.5. Аурулар мен зиянкестерге қарсы шаралар

Кездесетін негізгі аурулар: фузариоз (солу), ақ ұнтақ, жалған ақ ұнтақ, антракноз;

Зиянкестер: зиянды көбелек, бұзаубас.

Ұсынылған күрес әдістері: агротехникалық шаралар, биологиялық препараттар, химиялық фунгицид-инсектицидтерді регламентпен қолдану.

2.6. Өнімді жинау және сақтау

Уақтылы жинау - кейінгі жемістердің тез пісуін қамтамасыз етеді.

Көлеңкелі желдетілетін қоймаларда сақтау.

2.7. Техника қолдану

Механизацияның енгізілуі: еңбек өнімділігін арттырады; өзіндік құнды төмендетеді; уақытты қысқартады; ауыр еңбекті жеңілдетеді.



III. Ұсыныстарды қолдану нәтижесінде күтілетін экономикалық және өндірістік көрсеткіштер

Интенсивті технологияларды енгізу нәтижесінде күтілетін өзгерістер:

Көрсеткіш	Қазіргі деңгей	Күтілетін нәтиже
Өнімділік	80–120 ц/га	180–250 ц/га (+70–120%)
Су шығыны	100%	–35–45% (тамшылатып суару)
Шығындарды азайту	—	–20–30%
Экспортқа жарамды өнім үлесі	40%	70% дейін
Жинау кезіндегі шығындар	15–20%	5–7%

Жалпы алғанда, ұсыныстарды толық енгізген шаруашылық жылына 30–45% артық пайда ала алады.

